

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 1 наурыз N 307

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімнің жобасы мақұлданын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімге қол қойылсын.
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

Даниал Кенжетайұлы Ахметовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімге қол қоюға уәкілеттік берілсін, оған Келісім жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан
Республикасының Үкіметі арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу
туралы келісім

Бұдан әрі - Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

- достық пен өзара түсіністік қатынастарын нығайтуға ниет білдіре отырып,
- құқықтық саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтылып,

- Тараптар мемлекеттерінің заңнамасы туралы өзара ақпараттандыруды жақсарту жөніндегі қатынастарды дамыту қажеттілігін сезіне отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекетаралық алмасуға жататын, жариялауға ашық Нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде (қоса беріліп отыр) белгіленген мәселелер бойынша құқықтық актілерді екіжақты ақпараттық алмасу қажеттілігін таниды.

Жоғарыда көрсетілген тізбе Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

2-бап

Ұсынатын Тараптың мемлекеттік және өзге де заңмен қорғалатын құпиясын құрайтын ақпаратты қоспағанда, Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа нормативтік құқықтық актілер туралы сұралатын ақпаратты беруге міндеттенеді.

Ынтымақтастық барысында Тараптардың бірі алған ақпарат осы ақпаратты беретін Тараптың жазбаша келісімі болған кезде ғана үшінші Тарапқа берілуі мүмкін.

Ынтымақтастық барысында алынатын ақпарат Тараптар мемлекеттерінің мүдделеріне зиян келтіре отырып, пайдалануына болмайды.

3-бап

Тараптар, ұлттық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, құқықтық ақпарат алмасу үшін өздерінің эталондық дерекқорын ұйымдастырады.

4-бап

Құқықтық ақпарат алмасу жүйесін құру жөнінде келісілген шараларды жүзеге асыра отырып, Тараптар тиісінше:

- ақпаратты пайдаланушы субъектілердің тізбесін;
- құқықтық ақпарат режимін - ақпараттық жариялылығы деңгейін, құжаттамалау, қол жеткізу, сақтау, тарату және қорғау тәртібін анықтайтын нормативтік белгіленген қағидаларды өзара уағдаластық бойынша белгілейді.

5-бап

Тараптар құқықтық ақпарат жүйесін құру және алмасу жөніндегі жұмысты үйлестірушілер етіп Тараптар мемлекеттерінің әділет министрліктерін белгілейді.

6-бап

Тараптар бірлесіп пайдалану үшін белгіленген құқықтық ақпараттың ұлттық ресурстарына (эталондық дерекқорға) қол жеткізуді қамтамасыз етеді және оларды бақылау жағдайында қолдайды.

7-бап

Құқықтық ақпарат, әдетте орыс тілінде және өтеусіз берілуге тиіс. Шұғыл хабарландырулар мен материалдарды беру үшін электронды, факсимильдік және байланыстың өзге де құралдары пайдаланылуы мүмкін.

8-бап

Тараптар:

- дерекқорларды алмасу кезінде бір-біріне нормативтік құқықтық актілердің жіктеуіштерін беруді;
 - жүйелердің қолданылып жүрген ақпараттық-коммуникациялық ресурстарын, сондай-ақ жаңадан жасалатын құпия байланыс жүйелерін пайдалана отырып, құқықтық ақпарат алмасуды жүргізу қажет деп санайды.
- Құқықтық ақпарат алмасу Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың басқа да халықаралық шарттар жөніндегі құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

10-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге жеке Хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер мен консультациялар ж о л ы м е н ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

12-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді және егер Тараптардың бірі Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын басқа Тарапқа өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы хабардар етпесе, қолданылу мерзімі әрбір келесі бес жылға өздігінен ұзартылып , бес жыл бойы

қолданылатын болады.

2001 жылғы " ____ " _____ Душанбе қаласында, әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды және барлық мәтіндердің заңдық күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН
ҮКІМЕТІ ҮШІН

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының

Үкіметі арасындағы құқықтық ақпарат алмасу туралы келісімге

Қосымша

Мемлекетаралық алмасуға жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

1. Мемлекеттік құрылыс негіздері.
2. Мемлекеттік қауіпсіздік.
3. Қорғаныс.
4. Мемлекеттік қызмет.
5. Сыртқы саясат, халықаралық және сыртқы экономикалық қатынас.
6. Әкімшілік заңдар.
7. Әділет. Сот. Прокуратура.
8. Қоғамдық тәртіпті қорғау.
9. Қылмыстық заңдар.
10. Қылмыстық іс жүргізу заңдары.
11. Қылмыстық атқарушылық заңдар, еңбек-түзету заңдары.
12. Азаматтық және семья құқығы.
13. Азаматтық іс жүргізу және шаруашылық заңдар.
14. Еңбек және халықтың қамтылуы.
15. Әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету.
16. Қаржы және кредит.
17. Кәсіпорындар және кәсіпкерлік қызмет.
18. Өнеркәсіп.
19. Құрылыс және сәулет кешені.
20. Ауыл шаруашылығы.
21. Сауда.
22. Көлік және байланыс.
23. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету.
24. Білім, ғылым, мәдениет.
25. Денсаулық сақтау.
26. Жер, оның қойнауы, сулар туралы, әуе кеңістігі туралы, өсімдік, жануарлар әлемі және табиғи байлықтар туралы заңдар.
27. Қоршаған ортаны қорғау.
28. Геодезия, картография, гидрометеорология.
29. Халықаралық жеке құқық және процесс.
30. Кеден ісі.

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК